

Бекбаева З.Н.¹, Нурмаши Ж.Н.²

¹научный руководитель, к.п.н., ассоциированный профессор

kaznauzake@mail.ru

²магистрант 2 курса по специальности 7М01902 – Специальная педагогика: Логопедия

zzzhannur@gmail.com

КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан

КОРРЕКЦИОННАЯ РАБОТА ПРИ АРТИКУЛЯЦИОННОЙ ДИСПРАКСИИ

Аннотация

В данной статье рассмотрены понятие артикуляционной диспраксии, признаки дисфункции и расстройства, коррекционная работа с детьми с артикуляционной диспраксией, а также эффективные методы и способы работы с этим расстройством. В статье рассматриваются различные методы коррекции артикуляционной диспраксии, такие как артикуляционная гимнастика, работа с помощью специальных упражнений и игр. Описаны эффективность каждого из этих методов и особенности их применения.

Статья интересует специалистов в области логопедии, педагогики и психологии. Это поможет вам ознакомиться с актуальными исследованиями и методами коррекции данного расстройства и исправить артикуляционную диспраксию у детей.

Ключевые слова: прaxis, диспраксия, артикуляционная диспраксия, коррекция, планирование движений, саматогнозис.

Bekbaeva Z.N.¹, Nurmash Z.N.²

¹scientific supervisor, candidate of Pedagogical Sciences, associate professor

kaznauzake@mail.ru

²2nd year master's student in the specialty 7M01902 – Special education: Speech therapy

zzzhannur@gmail.com

KazNPU named after Abay, Almaty, Kazakhstan

CORRECTIVE WORK IN ARTICULAR DYSPRAXIA

Abstract

This article discusses the concept of articulatory dyspraxia, symptoms of dysfunction and disorder, correctional work with children with articulatory dyspraxia, as well as effective methods and techniques for working with this disorder. The article will consider various methods of correcting articulatory dyspraxia, for example, working through articulatory Gymnastics, special exercises and games. The effectiveness of each of these methods and the features of their application are described.

The article is of interest to specialists in the field of speech therapy, pedagogy and psychology. This will help you familiarize yourself with the current research and methods of correcting this disorder and correct articular dyspraxia in children.

Keywords: Praxis, dyspraxia, articular dyspraxia, correction, movement planning, samatognosis.

Диспраксия - бұл мақсатты қимыл-қозғалысты жоспарлаудың бұзылуы (ерікті қозғалыстар). Қимыл-қозғалысты бастау, аяқтау және ауыстыру қиындықтарында көрінуі мүмкін. Диспраксия немесе қозғалысты жоспарлау проблемалары: диспраксиясы бар балаларда сенсорлы ақпаратты дұрыс өндеуде кедергілер туындап, нәтижесінде жаңа қимыл-қозғалысты жоспарлау мен орындауда қиындықтар пайда болады. Балаларда қимыл-қозғалысты орындауға мақсат қоюда және жоспар-

лауда, оны орындау барысында кедергілер туындауынан, бұл балалардың ебедейсіз және икемсіздігі көрініс береді [1].

"Диспраксия" сөзі екі бөліктен тұрады: "дис" - бұзылыс, нормадан ауытқу; "пракис" - берілген жоспар бойынша дәйекті және мақсатты қимыл-қозғалыстар жасау мүмкіндігі. "Пракис" синонимі - қимыл-қозғалысты жоспарлау. Пракисінің бірнеше түрі бар: заттық, символдық, жалпы, қол және саусақ, оральді және артикуляциялық. Пракисінің барлық түрлерінің ішіндегі ең күрделісі-артикуляциялық, яғни сөйлеу дыбыстарын және олардың серияларын (сөздерін) айту қабілеті [2].

Л.Выготский, М.Жинкин, А.Леонтьев, А.Лурия, Л.Парамонова баланың ауызша сөйлеуді меңгеруі мектепке дейінгі кезеңде және дыбысты айтудың қалыптасуы артикуляциялық сөйлеу базасының және перцептивті даму процестерінің тығыз өзара әрекеттесуімен жүзеге асырылатынын атап өтті. Сөйлеудің фонетикалық компонентінің қалыптасуы, әдетте үлкен мектепке дейінгі жаста аяқталады. Осы кезде баланың артикуляциялық аппараты пропорционалды түрде қалыптасуы, сонымен қатар фонематикалық процестер мен артикуляциялық моторикасы жеткілікті дамыған болуы керек.

Дыбысты айтуды қалыптастыруда үлкен рөл артикуляциялық органдардың нақты, дәл, үйлестірілген жұмысына, олардың бір қозғалыстан екіншісіне жылдам және бірсарынды ауысу қабілеті, сондай-ақ артикуляциялық моторикамен қамтамасыз етілетін берілген артикуляциялық позыны сақтау жатады. Дыбыстардың айтылуындағы тұрақты бұзылулар артикуляция органдар қозғалғыштығы жеткіліксіздігінің себебі болуы мүмкін.

Артикуляциялық диспраксия – бұл дыбыстарды айтуға тікелей жауап беретін бұлшықеттердің нашар үйлестірілуіне байланысты түсініксіз, бұлыңғыр сөйлеу және артикуляциялық позаларды орындауды қиындататын артикуляциялық аппараттан кинестетикалық ақпаратты өңдеудің нашарлауы [3].

Артикуляциялық диспраксия эфферентті (кинестетикалық) және афферентті (кинестетикалық) болып екіге бөлінеді.

Афферентті - бұл перифериядан орталық жүйке жүйесіне келетін сигналдар. Кинестетикалық сезімдер сенсорлық жүйелерге негізделген (тактильді, проприоцептивті, дәмдік және т.б.) және дене схемасын және оның кеңістіктегі орнын түсінуге көмектеседі.

Эфферентті жүйке импульстары орталық жүйке жүйесінен периферияға өтеді. Кинестетикалық сезімдер денеге бейімделгіш мотор реакциясын беруге, бірқатар қозғалыстар жасауға, оларды үйлестіруге және бірінен екіншісіне ауысуға көмектеседі.

Афферентті (кинестетикалық) артикуляциялық диспраксияда артикуляциялық органдардың орналасу схемасын түсіну және жеке позыны қабылдау қиындықтары байқалады. Мұндай балалар келесі тапсырмаларды орындау барысында: тілдерімен тістерін тауып алу, тістерін тімен жалау, тілді жоғарғы ерінге тигізу және т.б. қиындықтарға тап болады.

Эфферентті (кинестетикалық) артикуляциялық диспраксияда бала мотор бағдарламасын ұстай алмайды, бастау немесе аяқтауда, бір қозғалыстан екіншісіне ауысуда қиналады [4].

Артикуляциялық диспраксия артикуляциялық бұлшықеттердің тонусының бұзылуы нәтижесінде болады, бұл дыбыстарды шығару, меңгеру қиындықтарына әкеледі. Осындай бұзылулары бар балаларда келесі белгілер бар:

- сөздерде жеке дыбыстар болмауы мүмкін;
- күрделі фонемалар қарапайым фонемалармен ауыстырылады;
- буындар сөздерде дұрыс орналаспайды, фонемалар араласып кетеді;
- күрделі фразалар мен сөйлемдері нашар қалыптасады;
- лексикалық бұзылыстар, аграмматизм [5].

Артикуляциялық диспраксияның дизартрия мен моторлы алалиядан айырмашылығы сөйлеудің бұзылуынан көрінеді. Артикуляциялық диспраксия, дизартриядан айырмашылығы, келесі ерекшеліктерімен байқалады:

- автоматтандырылған, таныс фонемалар қатесіз айтылады;
- қателіктердің саны мен айқындығы баланың жағдайына, сондай-ақ оның айналасындағы жағдайларға тікелей байланысты (қатты эмоцияларды сезінгенде, мысалы, қорқыныш, фонетика айтарлықтай бұзылады);

- дыбысты айту кезінде адам артикуляциялық аппараттың бөліктерін (тіл, ерін, таңдай) дұрыс қалыпқа келтіруге тырысады.

Моторлы алалиядан айырмашылығы, келесі белгілерде байқалады:

- лексика жеткілікті дамыған, бірақ ол жас нормаларынан артта қалуы мүмкін;
- сөз тіркестері мен сөйлемдер грамматикалық тұрғыдан дұрыс құрастырылған;
- сөздермен жұмыс істей алады, мысалы, мақал-мәтелдер, өлеңдер және т. б.;
- мәтіндердің ауызша және жазбаша құрастырылуы бұзылмаған.

Логопед дыбыстарды айтудағы бұзылыстардың негізгі себептерін, тыныс алуының даму ерекшеліктерін, артикуляциялық аппараттың барлық мүшелерінің (тіл, ерін, жақ, таңдай) негізгі қызметін анықтауды көздейді. Үлкен мектеп жасына дейінгі балалардың дыбыстарды айтудағы бұзылыстары артикуляциялық диспраксияны көрсететін артикуляциялық моториканың дамымауымен немесе жеткіліксіз жұмысымен тығыз байланысты екенін көрсетеді [3].

Артикуляциялық диспраксияны түзету келесі кезеңдерден тұрады:

1. Соматогнозды және тактильді сезімталдықты дамыту;
2. Кеңістіктік көріністерді және оптикалық-кеңістіктік бағдарлауды қалыптастыру;
3. Ырғақ сезімін дамыту;
4. Қимыл-қозғалыс бағдарламасын бастау, ұстап тұру, ауыстыру және аяқтау қабілетін дамыту.
5. Әр түрлі буындық құрылымдағы сөздердің айтылу мүмкіндіктерін дамыту.

Артикуляциялық диспраксиядағы түзету жұмыстарының бірінші кезеңі соматогнозды дамыту.

Сенсорлы интеграцияда бұл процестің бұзылуы соматодиспраксия деп аталады. Бұл жерде, зардап шегетін негізгі сенсорлық жүйе – тактильді жүйе болып табылады. Қозғалыстарды ұйымдастыру үшін тактильді сезімталдық қажет. Бұл ауыздың айналасындағы сезімтал рецепторлардың көп мөлшері бар. Демек, тактильді сезімталдықтың нашарлауы сөйлеудің дыбыстық жағынан сапасының төмендеуіне ықпал етеді

Ең алдымен, бұл рецепторларды әртүрлі тітіркендіргіштермен қанықтыру керек, мысалы әртүрлі текстурадағы заттармен массаж жасау (маталар, конустар, таяқшалар, діріл массажерлері, жуғыштар және т.б.). Бұл тонусты қалыпқа келтіру мақсатында емес, тактильді сезімталдықты жақсарту үшін екенін түсіну маңызды.

Екінші кезең - кеңістіктік көріністерді және оптикалық-кеңістіктік бағдарлауды қалыптастыру. Кеңістік туралы қарапайым білімді қалыптастыру үшін бала қоршаған әлеммен өзара әрекеттесіп, тәжірибе жинақтауы керек. Бала кеңістіктік көріністерді және оптикалық-кеңістіктік бағдарлау үшін келесі дағдыларды игеру керек:

1. Кеңістіктің бағыттарын білу;

2. Субъектінің немесе объектінің кеңістігінде орналасқан жерді "өзінен" анықтау және объектінің қашықтығы мен орналасуын бағалау мүмкіндігі.

Объектілер арасындағы кеңістіктік қатынастарды көрсету (жанында, арасында және т.б.). Бұл жерде «вагондар» ойынын ойнауға болады, вагондарға кезекпен жануарлардың ойыншықтарын отырғызып, балаға артында және алдында деген түсініктерді қалыптастыруға болады.

Түзету жұмысының үшінші кезеңі - ырғақ сезімін дамыту. Ырғақ-бұл үйлесімді дамудың ғана емес, физикалық және психологиялық денсаулықтың кепілі. Жалпы алғанда, ырғақ-бұл кез-келген элементтердің біркелкі ауысуы. Онтогенезде бұл процесс компонентті түрде қалыптасады:

- дыбыстық сигналдардың қарқынын қабылдау және шығару қабілеті. Бұл кезеңде бала жоғары немесе төмен жылдамдықпен біркелкі ырғақты үлгіні қайталай алады.

- екпінді және екпінсіз дыбыстарды қабылдау және шығару қабілеті.

Келесі жоспар бойынша ырғақты дамытуға болады:

1. Біркелкі ырғақты ұстау.

2. Қарқынның өзгеруімен біркелкі ырғақты ұстау.

3. "Соққы-соққы-кідірту" схемасы бойынша ырғақты ұстап тұру.

Логопедиялық жұмыста ырғақ бойынша жұмыс түрлерінің бірі- логоритмика. Логоритмика - бұл музыка, өлең, ырғақ арқылы сөйлеуді дамыту. Көбінесе музыкалық сабақтар логоритмикамен ауыстырылады.

Келесі төртінші кезең қимыл-қозғалыс бағдарламасын бастау, ұстап тұру, ауыстыру және аяқтау қабілетін дамыту. Артикуляциялық праксис ең күрделі праксис түрі болып табылады, онымен тиімді жұмыс істеу үшін базаны праксистің жалпы және саусақ түрлері деңгейінде дамыту қажет [6].

Жалпы праксисті дамыту үшін балаларға келесі ойындарды ойнатуға болады:

- дыбыстар, буындар, сөздер тізбегін айта отырып, бірқатар қимылдарды қайталау.
- егер белгілі бір дыбысты естісең, осындай қозғалыс жаса (мысалы, «П» дыбысын естісең, оң қолыңды көтер) және т.б.

Қол және саусақ праксисін дамыту:

- визуалды-ырғақты қатар құру, оған мотор бағдарламасын қосуға болады, мысалы, тас - жұдырық, ал соққы - алақан. Позаларды кезектестіріп, бала бүкіл қатардан өтеді.

– карточкаларға қолдың позалары салынған. Оларды қатарлар мен бағандарға бөлуге болады.

Бала берілген координаттар бойынша позаны көрсетеді: мысалы, екінші қатар үшінші баған [7].

Артикуляциялық праксис түрлері. Бұл әдеттегі артикуляциялық гимнастика негізінде болады, мұнда артикуляциялық аппарат қалыпын ұстау емес, оны ауыстыруға бағытталған. Әткеншек, сағат, және т.б.

Бесінші кезең - әр түрлі буындық құрылымдағы сөздердің айтылу мүмкіндіктерін дамыту. Алдыңғы қадамдардың барлығы дәл осы мақсатқа бағытталған болатын. Бұл кезең де 4 кезеңнен тұрады.

1-кезең. Оқшауланған тілдік бірліктерді көбейту (дауысты дыбыстар мен буындар). Бұл кезеңде буындарды баланың айтылуы сақталған дыбыстармен ғана алу керек.

Дыбыс деңгейіндегі тапсырмалар:

1. «А» дыбысын тиісті санға сәйкес дыбыстау. «О» дыбысын мен қанша рет шапалақтаймын сонша рет дыбыстау.

2. «Мен қандай дыбыс айттым», логопед түрлі дыбыстар сериясын даусын шығармай айтады, бала қандай дыбыс айтылғанын айнықтайды.

2-кезең. Буын тізбегін көбейту.

Тапсырмалар кезең кезеңімен ұсынылуы керек:

- екі бірдей буынды айту;
- үш бірдей буынның тізбегін айту;
- дауысты дыбыстың өзгеруі бар екі буынды тізбек (ма-мо);
- дауысты дыбыстың өзгеруімен үш буынды тізбек;
- дауыссыз дыбыстың өзгеруімен екі буыннан тұратын тізбек (ма-на);
- дауыссыз дыбыстың өзгеруімен үш буынды тізбек.

Буын деңгейдегі тапсырмалар:

- буындарды кезектеп айтқанда моншақты жіпке тізу;
- «саусақтар амандасады» буындар тізбегін айтқанда кезек-кезек саусақтарды бір-біріне сәйкестендіру;

- логопед айтқан сөздегі буындар санын санау;

- екпіні бар буынды анықтау;

- түрлі типтегі буындарды қайталау және есте сақтау.

3 кезең. А.К. Маркова бойынша буындық құрылымның түрлеріне сәйкес сөздерді айту.

Сөз деңгейіндегі тапсырмалар:

«Көңілді» доп. Мақсаты: баланы сөздің буындық ритмін соғып ойнауға үйрету. Құрал-жабдықтар: доп. Ойынның барысы: бала логопедтің айтқан сөзінің ырғағын доппен салады.

«Санамак» ойыны. Мақсаты: балаларды қимылмен қоса сөздерді буынға бөлуге үйрету.

Құрал-жабдықтар: пирамида, кубиктер, тастар .

Ойынның барысы: бала логопедпен берілген сөздің буындық құрылымын тастарды (декоративті) салып ойнайды. Содан дейін қай сөз ұзын, қай сөз қысқа екенін айтады.

«Сөздер тізбегі» ойыны. Мақсаты: екі-үш құрылымды сөздерді талдау мен жинақтауға үйрету. Құрал-жабдықтар: бөлшекке бөлінген карточкалы суреттер.

Ойынның барысы: балалар сөздердің суреттерін тізбектеп жинап, сөздерді дұрыс айтады.

4 кезең. Белгілі бір буын құрылымының сөздерінен қарапайым сөз тіркесін құрастыру.

Ойын: «Ұшады, жүреді», бала жануарларды қайсысы ұшады немесе ұшпайды деп екі бөлікке бөліп сөз тіркестерін құрауы керек (ара ұшады, ит жүреді және т.б.) [8].

Қорыта келгенде, мектеп жасына дейінгі балалардағы артикуляциялық бұзылуларды талдау негізінде артикуляциялық диспраксия туралы айтуға болады. Бұл сөйлеудің тек дыбыстық жағының бұзылуымен сипатталатын тәуелсіз бұзылыс. А.Корнев артикуляциялық диспраксияны сөйлеудің тек айтылу жағының қалыптасуының селективті бұзылуының күйі ретінде анықтайды, оның негізгі механизмі артикуляциялық праксистің жетілмегендігі немесе қалыптан тыс қалыптасуы болып табылады. Бұл жағдайда артикуляциялық аппараттың қозғалтқыш функцияларының қарапайым формалары сақталады (қозғалыстық, бұлшықет тонусы, жиырылу қабілеттері). Түзету жұмыстарын жүргізудегі артикуляциялық диспраксияның маңыздылығы мәселені анықтау, түзету жоспарын әзірлеу, баланы оқыту, жаттықтыру және сөйлеу дыбыстарының жақсы айтылуы мен жақсы артикуляциясына қол жеткізу үшін прогресті бақылау болып

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ripley K., Daines B., Barrett J. *Dyspraxia: A Guide for Teachers and Parents*. - London, 2016. - 122 p.
2. Садовская Ю.Е. *Нарушение сенсорной обработки и диспраксии у детей дошкольного возраста: Дис. д-ра мед. наук.* – М., 2011. – 279 с.
3. Н. М. Бабич. *Артикуляционная диспраксия у детей с нарушениями речи: логопедический и медицинский аспекты: Science and Education a New Dimension. Pedagogy and Psychology, VI (74), Issue: 180, 2018.*
4. Лурия, А. Р. *Высшие корковые функции человека*. - Москва: Академический проект, 2000. – 80 с.
5. Банди А., Лейн Ш., Мюррей Э. *Сенсорная интеграция: теория и практика / Пер. с англ. и науч. ред. Д. В. Ермолаева*. - Москва: Теревинф, 2021. - 768 с.
6. Лынская М.И. *Сенсорно-интегративная артикуляционная гимнастика: Комплексы упражнений для преодоления артикуляционной апраксии у детей дошкольного возраста / Парадигма, 2016. - 28 с.*
7. Кислинг У. *Сенсорная интеграция в диалоге : понять ребенка, распознать проблему, помочь обрести равновесие / Пер. с нем. К.Шара под ред. Е.В. Ключковой*. - М.: Теревинф, 2010. - 240 с.
8. Жакупбаева Г.Т. *Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөздегі буындық құрылымын түзетудің әдіс – тәсілдері/ uchitelya.kz*